

С.Ш. Мұсатаев<sup>1\*</sup> , Н. Ашимбай<sup>2</sup> , Ф. Оразақынқызы<sup>1</sup> 

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Құрлық әскерлерінің әскери институты, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: mceka@mail.ru

## «КӨК НҮКТЕЛЕР ЖЕЛІСІ» ЖОБАСЫ «БЕЛДЕУ МЕН ЖОЛ» БАСТАМАСЫНА ЖАУАП РЕТІНДЕ

Қазіргі заманғы маңызды экономикалық ынтымақтастық жобаларының бірі – Қытай бастама жасаған «Белдеу мен жол» болып табылады. Ұлы Жібек жолын жаңғырту ХХІ ғасырдың маңызды жобасы саналады және оны дамыту бүкіл Евразия кеңістігіне игі ықпал етеді. Бұл мегажоба Европа мен Азияның арасындағы сауда-экономикалық және мәдени-рухани көпірмен тең. Алайда 2019 жылы АҚШ, Жапония және Австралия бірігіп «Белдеу мен жол» жобасына қарсы жауап ретінде «Көк нүктелеу желісі» жобасын ұсынды. Осылайша әлемдік саясат пен жаһандық экономикада ықпал ету аймағы үшін күресу жаңаша сипат алып отыр. Сондықтан «Көк нүктелер желісі» жобасының «Белдеу мен жол» бастамасына қарсы жауап ретінде туындауының себептері мен салдарын, оның әлемдік және өңірлік деңгейлердегі саяси-экономикалық үдерістерге ықпалын қарастыру өзекті. Қазіргі әлемдік саясатта ірі державалар өздерінің ықпалын арттыру мен мақсат-мүдделерін қорғау үшін жаңаша әдіс-тәсілдермен күресуде, бұл күресте алдыңғы орынға сауда-экономикалық санкциялар шығуда. «Көк нүктелер желісі» жобасы мен «Белдеу мен жол» бастамасы арасындағы бәсекелестік туындауы өз кезегінде COVID-19, сауда соғысы сияқты факторлармен бірігіп, әлемдік экономикалық дағдарысты одан сайын асқындырып жіберуі ықтимал. «Белдеу мен жол» бастамасы тек қана Қытайға ғана емес, Жібек жолының бойындағы барлық елдер үшін аса маңызды, сондықтан бұл мәселені зерттеудің ғылыми және тәжірибелік маңызы күмәнсіз.

«Көк нүктелер желісі» жобасына біріккен үш елдің (АҚШ, Жапония, Австралия) мақсаты – Азия-Тынық мұхиты аймағына бақылау жасау мен ықпал етуді қайтару болса, ал ҚХР ұсынған «Белдеу мен жол» бастамасы Еуразиялық сауда интеграциясын дамыту, аймақ елдері арасындағы өзара тиімді байланыстар мен инфрақұрылымдық дамуды ынталандыру. Бұл екі жобаның ерекшеліктерін салыстыра отырып танып-білу әлемдік және өңірлік ынтымақтастыққа кері әсер етуші жағдаяттарды айқындауға, ықтимал қауіп-қатерлердің алдын алуға, интеграциялық үдерістерді дамытуға көмектеседі. Жүргізілген зерттеу халықаралық қатынастар саласында туындап жатқан жаңа саяси-экономикалық шынайылықты түсінуге, әлемдік және өңірлік кеңістіктегі интеграциялық үдерістерді дамытуға өзіндік үлес қосып, «Белдеу мен жол» бастамасы ауқымында жүретін көп тарапты және өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді.

**Түйін сөздер:** интеграция, ынтымақтастық, «Көк нүктелер желісі» жобасы, «Белдеу мен жол» бастамасы, сауда-экономикалық соғыстар.

S. Mussataev<sup>1\*</sup>, N. Ashimbay<sup>2</sup>, F. Orazakynkyzy<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Military institute of Land force Kazakhstan, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: mceka@mail.ru

### The «Blue Dot Network» project as a response to the «The Belt and Road» Initiative

One of the most important projects of modern economic cooperation is the “Belt and Road”, initiated by China. Modernization of the Great Silk Road is an important project of the XXI century and its development will have a positive impact on the entire Eurasian space. This mega-project is equal to a trade, economic, cultural and spiritual bridge between Europe and Asia. However, in 2019, the US, Japan and Australia jointly proposed the Blue Dot Network project in response to the Belt and Road Initiative. thus, the struggle for a zone of influence in world politics and the global economy takes on a new character. therefore, the analysis of the causes and consequences of the “blue dot network” project in response to the “belt and road” initiative, its impact on political and economic processes at the global and regional levels is relevant. In modern world politics, major powers are fighting in a new way to expand their influence and protect their interests, and in this struggle, trade and economic sanctions are coming to the fore. The emergence of competition between the Blue Dot Network project and the Belt

and Road initiative, in turn, can exacerbate the global economic crisis, combining with factors such as COVID-19, the trade war. The Belt and Road Initiative is of paramount importance not only for China, but also for all countries along the Silk Road, so the scientific and practical significance of studying this issue is not in doubt.

The goal of the three countries united in the “Blue Dot Network” project (USA, Japan, Australia) is to regain control and influence over the Asia – Pacific region, and the Belt and Road initiative proposed by China is to develop Eurasian trade integration, promote mutually beneficial ties and infrastructure development between the countries of the region. Comparing the features of these two projects will help to identify the circumstances that negatively affect global and regional cooperation, prevent possible risks, and develop integration processes. The conducted research contributes to the understanding of new political and economic realities emerging in the field of international relations, the development of integration processes in the global and regional space, contributes to the deepening of multilateral mutually beneficial cooperation of the project within the framework of the “belt and road” initiative.

**Key words:** integration, cooperation, «Blue Dot Network» project, «Belt and road» initiative, trade and economic wars.

С.Ш. Мусатаев<sup>1\*</sup>, Н. Ашимбай<sup>2</sup>, Ф. Оразақынқызы<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Сухопутный военный институт, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: mceka@mail.ru

### Проект «Сеть синих точек» как ответ на инициативу «Пояс и путь»

Одним из важнейших проектов современного экономического сотрудничества является «Пояс и путь», инициированный Китаем. Модернизация Великого Шелкового пути является важным проектом XXI века, и его развитие благоприятно скажется на всем евразийском пространстве. Этот мегапроект равен торгово-экономическому и культурно-духовному мосту между Европой и Азией. Однако в 2019 году США, Япония и Австралия совместно предложили проект «Сеть синих точек» в ответ на инициативу «Пояс и путь». Таким образом, борьба за зону влияния в мировой политике и глобальной экономике приобретает новый характер. Поэтому анализ причин возникновения и последствий проекта «Сеть синих точек» в ответ на инициативу «Пояс и путь», его влияние на политико-экономические процессы на мировом и региональном уровнях является актуальным. В современной мировой политике крупные державы по-новому борются за расширение своего влияния и защиту своих интересов, и в этой борьбе на передний план выходят торгово-экономические санкции. Возникновение конкуренции между проектом «Сеть синих точек» и инициативой «Пояс и путь», в свою очередь, может усугубить мировой экономический кризис, объединившись с такими факторами, как COVID-19, торговая война. Инициатива «Пояс и путь» имеет первостепенное значение не только для Китая, но и для всех стран вдоль Шелкового пути, поэтому научное и практическое значение изучения этого вопроса не вызывает сомнений.

Цель трех стран, объединенных в проект «Сеть синих точек» (США, Япония, Австралия), – вернуть контроль и влияние над Азиатско-Тихоокеанским регионом, а предложенная КНР инициатива «Пояс и путь» – развитие евразийской торговой интеграции, стимулирование взаимовыгодных связей и инфраструктурного развития между странами региона. Сопоставление особенностей этих двух проектов поможет выявить обстоятельства, негативно влияющие на мировое и региональное сотрудничество, предупредить возможные риски, развить интеграционные процессы. Проведенное исследование вносит свой вклад в понимание новых политико-экономических реалий, возникающих в сфере международных отношений, развитие интеграционных процессов в мировом и региональном пространстве, способствует углублению многостороннего взаимовыгодного сотрудничества проекта в рамках инициативы «Пояс и путь».

**Ключевые слова:** интеграция, сотрудничество, проект «Сеть синих точек», инициатива «Пояс и путь», торгово-экономические войны.

## Кіріспе

АҚШ бірнеше ондаған жылдар бойы жаһандану мен еркін сауданың басты жақтаушысы және қорғаушысы болды. Олар ДСҰ, ХВҚ сияқты ірі халықаралық ұйымдардың бастауын-

да тұрды және олардың қалыпты қызмет етуін бақылады. Алайда, Қытай күшейген сайын АҚШ-тың әлемдік экономикадағы жетекші жағдайы әлсірей бастады. Сыртқы қарыз бен жұмыссыздықтың өсуі, орта таптың әл-ауқатының нашарлауы және көптеген салалардағы

дағдарыс елде сауданың бұрынғы, либералды принциптеріне наразылықтың өсуіне әкелді. Осыған байланысты АҚШ экс-президенті Д. Трамптың 2016 жылғы сайлауалды бағдарламасындағы ұлттық өндірісті жандандыру туралы идеяны орта таптың және шағын бизнестің өкілдері, шағын қалалардың тұрғындары, халықтың аз қамтылған топтары, сондай-ақ дәстүрлі салалардың өкілдері (металлургия, көмір және химия өнеркәсібі, машина жасау, құрылыс) қолдады. Бұл бағыттағы негізгі идеялардың бірі – қытай тауарларына импорттық баждарды күрт арттыру туралы уәде болды.

Дүниежүзілік сауда ұйымының бұрынғы басшысы Паскаль Лами Евроньюс ақпарат агенттігіне берген сұхбатында «...егер мен болжамдарда қателеспесем, онда АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекелестік геосаяси тұрғыдан алдағы жиырма жылға дейін шынайы ойын болып қала береді» деген болатын (Лами, 2020).

Қытай билеушілері соңғы төрт жылда Қытайдың жан-жақты дамып өсуіне ресми Вашингтонның кедергі келтіруге тырысуы Д. Трамп билеген кезеңдегі АҚШ-тың тез құлдырап бара жатқанын көрсетті деп санайды. Қытай саяси элитасының ұстанымы бойынша, АҚШ экс-президенті Д. Трамптың Қытайға қарсы сауда соғысы, технологиялық тыйымдары және америкалықтардың COVID-19 пандемиясымен дұрыс күресе алмағаны үшін Қытайды кінәлауға ұмтылысы – мұның бәрі АҚШ-тың сасқалақтап, өз басын сауғалап аман алып қалуға тырысқан іс-әрекеттері болып табылады.

### **Мақала тақырыбын таңдау мен мақсат-міндеттерді негіздеу**

Бұл зерттеу тақырыбын таңдау бүгінгі таңдағы жаңа геосаяси және геоэкономикалық жағдайды талдаудың қажеттілігімен байланысты туындады. ХХІ ғасыр әлемдік саясаттағы көпполярлы даму үрдістердің күшеюімен ерекшеленіп отыр. Заманауи халықаралық қатынастарда бұрын жетекші рөл атқармаған кейбір мемлекеттер күшейіп, жаһандық және өңірлік деңгейлерде ықпалды күшке айналып, біртіндеп әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардың бағыт-бағдарын айқындай бастады. Осыған байланысты әлемнің әртүрлі өңірлерінде, атап айтқанда, Азия-Тынық мұхиты аймағында (АТА) Қытайдың геосаяси мүдделерінің кеңеюі мысалында қазіргі әлемдік саясат пен экономиканың ең белсенді акторларының бірі ретіндегі рөлін қарастыру өзекті болып отыр. Қытай дамудың

жоғары қарқынын көрсете отырып, жаһандық процестерге белсенді қатысып, дамып келе жатқан геоэкономикалық және саяси қатынастар жүйесіндегі орталық орынға шықты. Соңғы онжылдықта Қытайдың сыртқы саясаты жан-жақты зерттеулердің нысанына айналды, сонымен қатар халықаралық саясаттың белсенді субъектісі ретінде танылып, «Қытай факторы» қазіргі әлемдік саясат пен экономикадағы шешуші факторға айналды. Өз кезегінде Қытай күшейген сайын дәстүрлі АҚШ, ЕО, Жапония сияқты ірі геосаяси ойыншылар онымен бәсекелестікті күшейтіп, сауда соғыстары мен экономикалық санкциялар жариялап, Қытайдың ықпалын азайтуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруда. Соңғы жылдары қытайлық «Белдеу мен жол» жобасына балама ретінде жасалып жатқан сондай әрекеттердің бірі – АҚШ, Жапония мен Австралияның бірігіп жүзеге асырып жатқан «Көк нүктелер желісі» жобасы (Blue Dot Network) болып табылады. Бұл тұрғыда АҚШ билігі өзінің одақтастарымен бірлесе отырып Қытайдың әлемдегі ықпалының артуын тежеуге барынша күш салып жатқаны анық байқалады.

**Бұл зерттеудің мақсаты** – «Көк нүктелер желісі» жобасының «Белдеу мен жол» бастамасына қарсы жауап ретінде туындауының себептері мен салдарын, оның әлемдік және өңірлік деңгейлердегі саяси-экономикалық үдерістерге ықпалын талдау.

### **Зерттелетін мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылған:**

- «Белдеу мен жол» бастамасы және Қытайдың әлемдегі ықпалының артуын қарастыру;

- АҚШ-ҚХР арасындағы жаһандық экономикадағы үстемдік үшін күресін, «Жаңа жібек жолы» тұжырымдамасы арқылы Қытайдың әлемдік ықпалын тежеуге бағытталған АҚШ-тың сәтсіз талпынысын, АҚШ-ҚХР сауда-экономикалық соғысын талдау;

- АТА аймағындағы әлемдік державалардың геосаяси қақтығысына арқау болып отырған алғышарттарды зерттеу;

- «Көк нүктелер желісі» («Blue Dot Network») жобасы «Белдеу мен жол» бастамасын ауыздықтай ала ма деген сұраққа жауап іздеу.

**Зерттеу бағыты** геосаясат саласындағы ұлттық мүдделерді қорғау, әлемдік саясат пен жаһандық экономикадағы интеграциялық жобалардың даму үрдістерін қамтиды. Қазіргі әлемдік саясатта ірі державалар өздерінің ықпалын арттыру мен мақсат-мүдделерін қорғау үшін жаңаша әдіс-тәсілдермен күресуде, бұл күресте

алдыңғы орынға сауда-экономикалық санкциялар шығып отыр.

### **Жұмыстың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығының қысқаша сипаттамасы**

«Көк нүктелер желісі» жобасы мен «Белдеу мен жол» бастамасы арасындағы бәсекелестік туындауы өз кезегінде COVID-19, сауда соғысы сияқты факторлармен бірігіп, әлемдік экономикалық дағдарысты одан сайын асқындырып жіберуі ықтимал. «Белдеу мен жол» бастамасы тек қана Қытайға ғана емес, Жібек жолының бойындағы барлық елдер үшін аса маңызды, сондықтан бұл мәселені зерттеудің ғылыми және тәжірибелік маңызы күмәнсіз. Зерттеудің нәтижелері АТА аймағындағы геосаяси және геозэкономикалық үдерістерді зерттеу барысында өзінің септігін тигізеді. «Көк нүктелер желісі» жобасы отандық саяси ғылымда әлі зерттеле қоймаған жаңа саяси мәселе болғандықтан оның мәні мен мазмұнын ашуға да көмектеседі.

### **Ғылыми зерттеу әдістемесі**

Бұл мақаланың теориялық және әдіснамалық негізі геосаяси және өзара тиімді ынтымақтастық теориялары болып табылады. Әдістеме зерттеудің алдына қойған мақсат-міндеттерін мүмкіндігінше толық ашатындай етіп таңдалды. Біз халықаралық қатынастар теориясы ұсынатын ғылыми әдістердің жиынтығын тарихи-салыстырмалы әдіспен және жүйелік тәсілмен қолдандық. Әсіресе реализм теориясы ауқымындағы мемлекеттердің ұлттық мүдделерді қорғау мен жүзеге асыру үшін күресуі тақырыптың мәнін ашуда ерекше рөл ойнайды. Бұл зерттеуде түрлі ғылыми әдістер қолданылды: абстракция, топтастыру, сапалық сараптамалық бағалау, сандық бағалау. Зерттеудің әдіс-тәсілдері, сондай-ақ салыстырмалы және жүйелі, контент және ивент талдауларға негізделген.

Батыстық және ТМД зерттеушілері АТА аймағы дамуының геосаяси аспектілерін және ондағы Қытайдың рөлін белсенді зерттеуде. Соңғы жылдары Батыс сарапшылық қоғамдастығы тарапынан АТА аймағындағы Қытайдың ықпалы артуына айтарлықтай жоғары қызығушылық байқалып отыр. Батыс ғалымдары елдердің аймақтық стратегиясы мен АТА қатысты үшінші елдердің саясатын зерттеп қана қоймай, сонымен қатар геосаясатта шешуші рөлге ие елдердің ұстанымына қатысты

авторлық тұжырымдамаларды ұсынуда. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттермен қатар БАҚ материалдары, сайттар мен әлеуметтік желілердегі материалдар қолданылды.

Қазіргі таңда Қытай бастамашы болған «Белдеу мен жол» жобасы туралы көптеген мақалалар жарияланған, монографиялар жазылып, диссертациялар қорғалған. Алайда зерттеу барысында «Көк нүктелер желісі» жобасы туралы жарияланған ғылыми еңбектер өте аз екені байқалды. Бұл осындай зерттеудің қажеттілігін көрсетіп отыр.

### **Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары**

**«Белдеу мен жол» бастамасы және Қытайдың әлемдегі ықпалының артуы.** Ұлы Жібек жолын жаңғырту туралы идеяны ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинь 2013 жылы 3-13 қыркүйек аралығында Орталық Азия елдеріне жасаған ресми сапары кезінде ұсынды. 2013 жылы 7 қыркүйекте ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинь Астанадағы Назарбаев университетінің студенттерімен және оқытушыларымен кездесіп, Қытайдың жаңа басшылығының Орталық Азияға қатысты дипломатиясы туралы баяндама жасады. Өз сөзінде ол «Алыстағы ағайыныңнан қасындағы көршіңартық» деген халық даналығын тілге тиек ете отырып, Қытай мен Орталық Азия елдері ортақ өзендер мен таулардың бойында қоныс тепкенін, қытайлық сыртқы саясатта бұл аймақ басымдыққа ие екенін атап көрсетті. Халықаралық саясатта Қытайдың бейбітшілікті сақтайтынына, аймақтық істерде үстемдікке ұмтылмайтынына сендірді. Ал Евразия елдерінің даму кеңістігін кеңейту, экономикалық байланыстарын нығайту, ынтымақтастығын тереңдету мақсатында біріккен күш-жігер арқылы Жібек жолының экономикалық белдеуін қалыптастыруды ұсынды.

2013 жылы қыркүйек және қазан айларында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне ресми сапарлар жасап, Жібек жолының экономикалық белдеуі мен ХХІ ғасырдың теңізіндегі Жібек жолын бірігіп құру туралы ұсыныс жасады. Бұл ұсыныс «Бір белдеу, бір жол» деген атпен белгілі. 2015 жылы наурыз айында Қытай үкіметі «Жібек жолының экономикалық белдеуі мен ХХІ ғасырдың теңізіндегі Жібек жолын бірігіп құрудың тамаша келешегі және тәжірибелік іс-әрекеті» атты құжатты жариялады. Аталған құжатта заман та-

лабы, бірігіп әрекет етудің ұстанымдары, негізгі тұжырымдамалар, ынтымақтасудың басымдықтары, өзара селбестік жасаудың тетіктері, ортақтасқан іс-қимылдың бағыттары мен міндеттері кешенді талданған. Бұл құжаттың мазмұны дүниежүзі елдерін қызықтырып отыр.

«Бір белдеу, бір жол» жобасының мәні терең, мазмұны бай, маңыздылығы дәлелдеуді қажетсінбейді. Әлемдік географиялық картаға көз салсақ, ХХІ ғасырдың жаңа Жібек жолының бойында 60-тан астам мемлекеттер орналасқан, ал оларды мекендейтін халық саны 4,5 миллиард адамды құраса, жиынтық экономикалық әлеуеті 21 триллион АҚШ долларынан асады екен. 4,5 миллиард адам дегеніміз Жер шарындағы барлық жан санының 63% тең, ал 21 триллион АҚШ доллары әлемдік экономиканың 29 % құрайды. Бұл жоба әлемдегі ең ұзын транзиттік дәліз, Азия және Еуропамен қоса Африканы да қамтиды (Мұсатаев, 2017). Дами келе жоба атауы «Белдеу мен жол» болып ықшамдалды.

Бір шетінде қарқынды дамып келе жатқан Оңтүстік-Шығыс Азияның экономикасы, екінші шеті – дамыған Еуропаның экономикасы, ал ортада – даму үшін әлеуеті зор Еуразиялық елдер орналасқан. Жібек жолының экономикалық белдеуінің бағыттары да әртарапты қамтиды: біріншісі – Қытайдан басталып, Орталық Азия мен Ресей арқылы Еуропаның Балтық теңізі жағалауы елдеріне дейін; екіншісі – Қытайдан бастау алып, Орталық Азия мен Батыс Азия арқылы Парсы шығанағы мен Жерорта теңізі аймағына дейін; үшіншісі – Қытайдан шығып, Оңтүстік-Шығыс Азия, Оңтүстік Азия арқылы Үнді теңізі аймағына дейін. Ал енді ХХІ ғасырдағы теңіз Жібек жолының бағыттарына келсек, оның біріншісі – Қытай порттарынан басталып, Оңтүстік Қытай теңізі арқылы Үнді теңізіне шығып, одан әрі қарай Еуропаға жол тартады; екіншісі – Оңтүстік Қытай теңізі арқылы Тынық мұхиты аймағына шығады.

Қытай төрағасы Си Цзиньпин Азиялық инфрақұрылымдық инвестициялар банкі (АИИБ) құруға бастама жасап, жарғылық капиталы 100 млрд. АҚШ доллар аймақтық ірі банк пайда болды. Қазір АИИБ мүше-құрылтайшыларының саны 57 елге жетті, олардың қатарында азиялық, еуропалық, африкалық, Оңтүстік Америкалық, Австралия және Океания елдері бар. Сонымен қатар, Қытай жарғылық қоры 40 млрд. долларын құрайтын Жібек жолы қорының құрылуына мұрындық болды (Laguette, 2019). Бұған қоса Қытай БРИКС ұйымының даму банкі, Шанхай ынтымақтастық ұйымының

(ШЫҰ) арнайы қаржы институтын және ШЫҰ ауқымында «Қытай-Еуразия» экономикалық ынтымақтастық қорын құру істерін алға жылжытуда.

АИИБ 2016 жылдың 16 қаңтарынан бастап жұмыс істей бастады. Қытай валютасы юаньның 2016 жылы 16 қарашада әлемдік резервтік валюталар қатарына кіруі АИИБ-нің әлеуетін арттыра түсті. «Белдеу мен жол» жобасын жүзеге асыруға Қытайдың мемлекеттік банкі 250 миллиард юань, Қытай импорт-экспорт банкі 130 миллиард юань мақсатты несиелер бөлді (Мұсатаев, 2018).

Тағы бір қаржылық институт – «Жібек жолы қоры» – «Жібек жолының экономикалық белдеуі» мен «ХХІ ғасырдағы теңіздегі жібек жолы» бойында қытайлық өнімдерді өткізуге ықпал ететін ірі инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру мақсатында құрылған қытайлық инвестициялық қор. Жібек жолы қоры 2014 жылы 29 желтоқсанда Пекин қаласында тіркелген. Аталған қорды құру туралы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин 2014 жылы 8 қарашада Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы (АТЭБ) саммитінің алдында мәлімдеген еді.

**АҚШ-ҚХР арасындағы жаһандық үстемдік үшін күрес.** Республикалық және демократиялық партия өкілдерінің АҚШ-тың болашағына қатысты саяси ұстанымдарының әртүрлі болуына қарамастан, америкалық саяси элита өкілдері АҚШ-Қытай қатынастары туралы айтарлықтай ортақ пікірде. Қарапайым дипломатиялық емес тілмен айтқанда, мұндай ортақ ұстаным келесідей: Қытай – әскери және экономикалық қауіп, коммунистік партия – тиран, жыртқыш саяси күш, АҚШ-ҚХР сауда-экономикалық қатынастары қайта қаралып, жаңаша құрылуы тиіс т.б.

АҚШ соңғы кездері саяси ұстанымын ашық айтудан тартынбайды және саяси этикеттен бас тартып, әлемнің екінші экономикасын – Қытай Халық Республикасын АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіруші деп ашық айып тағуда. Бұған айқын мысал ретінде 2020 жылы 14-16 ақпан аралығында өткен Мюнхендегі халықаралық қауіпсіздік конференциясында ресми тұлғалардың соңғы мәлімдемелері дәлел. Аталған іс-шара кезінде АҚШ тағы бір рет әлемдік қауымдастық алдында Қытайды өздерінің басты жауы деп санайтынын мәлімдеді. Пентагон басшысы Марк Эспер мынаны атап өтті: «біз қазір ұлы державалардың бәсекелестік дәуірінде тұрмыз, ал біздің басты қарсыластарымыз – Қытай, содан кейін Ресей.

Ал біз төмен қарқынды қақтығыстан алыстап, жоғары қарқынды соғысқа қайта дайындалуымыз керек. Мысалы, «Белдеу мен жол» бастамасы аясында ҚХР өзінің шетелдік инвестицияларын басқа елдерді қауіпсіздік саласындағы оңтайлы емес шешімдер қабылдауға мәжбүрлеу үшін пайдаланады. 2035 жылға қарай ҚХР өзінің әскери жаңғыртуын аяқтауға ниетті, 2049 жылға қарай ол Азияда жетекші әлемдік әскери держава ретінде үстемдік етуге тырысады. Қытайдың қарқынды өрлеуі ХХІ ғасырдағы Америка Құрама Штаттары мен Батыс біріншілігі туралы көптеген пікірталастар тудырды» (Esper, 2020).

Ал АҚШ Мемлекеттік хатшысы Майк Помпео тіптен Қытай Коммунистік партиясының болашағы қытай халқына ұнамайтынын айтып, Аспан асты еліне қатысты одан да өткір пікір білдірді. Сонымен қатар, оның пікірінше, ҚКП АҚШ пен америкалық құндылықтарға қарсы, Қытай «Американың ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді» және «стратегиялық нысандарға қауіп төндіретін асимметриялық қаруды» дамытуда.

Жоғары лауазымды шенеуніктердің мәлімдемелері бос сөз емес екенін түсіну керек, олардың артында АҚШ Аналитикалық орталықтарында мұқият есептелген және Аспан асты еліне қатысты «қарулануға» қабылданған ұзақ мерзімді стратегия тұр. Оның басты мақсаты – Пекинді Батыстық гегемонға бағынуға мәжбүрлеу. Бұл көп деңгейлі іс-қимыл стратегиясында ресми Пекинге қысым жасау, мәжбүрлеу және шектеу бойынша көптеген салалар мен механизмдер бар екенін айта кету керек (Тайвань, Шыңжаң, Тибет және Гонконг мәселелері, сауда соғыстары, Ухань коронавирусы сияқты жоғары технологиялық ақпараттық-психологиялық операцияларға дейін).

АҚШ Мемлекеттік хатшысы Майк Помпео 2020 жылы 28 қазанда Шри-Ланкаға барған кезде, Қытай Коммунистік партиясы Үнді Мұхитындағы осы арал мемлекетімен «жаман келісімдер» жасады деп мәлімдеді. «Біз нашар мәмілелерден, құрлықтағы және теңіздегі егемендік пен заңсыздықтың бұзылуынан Қытай Компартиясы жыртқыш, ал АҚШ басқа жолмен келе жатқанын көреміз, біз дос және серіктес ретінде келеміз», – деді америкалық дипломатия басшысы Коломбода өткен баспасөз мәслихатында (Pompeo, 2020).

Бұған өз кезегінде Қытай СІМ өкілі Ван Вэньбинь қарсы жауап берді: «АҚШ стратегиясының негізі – қырғи қабақ соғыстың ескірген әдістері. Біз «Қытай қатері» деген шағыстырушы желеуді доғаруды, елдер арасындағы қарым-қаты-

настарға саботаж жасауды доғаруды талап етеміз, аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты бұзуды тоқтатуға шақырамыз» деді (Wang Wenbin, 2020).

Америкалық саясаткерлер америка-қытайлық бәсекелестікті ұлы державалардың дәстүрлі бәсекелестігі ретінде ғана емес, демократияның коммунизмге қарсы күресі ретінде қарастыруда. Шілде айында Мемлекеттік хатшы Майк Помпео сөз сөйледі, оның басты мақсаты АҚШ пен Қытайдың идеологиялық тұрғыдан дұшпандығын білдіру болды. «Біз Қытай Коммунистік партиясының режимі марксистік-лениндік режим екенін есте ұстауымыз керек» деді ол (Pompeo, 2020).

АҚШ-тың бұрынғы Мемлекеттік хатшысы Джордж Шульц АҚШ президенті Дональд Трамп әкімшілігінің іс-әрекеттеріне байланысты Вашингтон барлық елдермен дұшпандық қарым-қатынас жасауда, ал Ресеймен және Қытаймен қарым-қатынастары екінші қырғи қабақ соғыспен теңгеріліп жатқанын айтты. Оның пікірінше, АҚШ Азия мен Еуропадағы жақын одақтастарымен де қарым-қатынасты бұзды. Сонымен бірге, ел іс жүзінде дипломатиядан толығымен бас тартты, оның орнына әскери қауіптер келді. Ол Вашингтонның одақтастармен қарым-қатынасында сенімсіздік көп екенін және оны жою үшін көптеген жылдар қажет екенін айтты.

Қытай мен АҚШ арасындағы байланыстардың толық үзілуі шындыққа жанаспайды және ешкімге пайда әкелмейді, деді баспасөз мәслихатында ҚКП Орталық Комитетінің экономикалық және қаржылық істер жөніндегі орталық комиссиясының кеңсе басшысының орынбасары Хан Вэньсу (韓文秀, 2020).

ХХІ ғасыр – жаһандану мен ақпараттық қоғам ғасыры, сәйкесінше экономикалық ынтымақтастық, өзара тиімді қарым-қатынастар орнату, стратегиялық әріптесік құру заман талабы. Сондықтан, саяси-экономикалық оқшаулану немесе сауда-экономикалық соғысу әлемдік қауымдастықтың ешбір мүшесіне пайда әкелмейтіні анық болып отыр. Бұл тұрғыда «Белдеу мен жол» бастамасы тек қана Қытайға ғана емес, осы жобаға қатысушы барлық елдер үшін өзара тиімді серіктестік болып табылады.

Америкалық «Жаңа жібек жолы» тұжырымдамасы: Қытайдың әлемдік ықпалын тежеуге бағытталған сәтсіз талпыныс. 2005 жылы Джонс Хопкинс Университетінің қызметкері Стивен Стар «Жаңа Жібек Жолы» идеясын ұсынды. «Жаңа Жібек жолы» идеясының жаңғыруы

2011 жылы 19 шілде күні сол кездегі АҚШ Мемлекеттік хатшысы Хиллари Клинтонның Индияға жасаған ресми сапары кезінен бастау алды. Араға үш ай салып, 2011 жылы қазанда АҚШ Мемлекеттік департаменті Оңтүстік Азиядағы орналасқан барлық америкалық елшіліктерге арнайы тапсырма беріп, елшіліктер өздері орналасқан азиялық елдердің үкіметтеріне Жаңа Жібек жолы жобасын АҚШ-тың ресми саясаты ретінде ұсынуы тиіс болды.

Бастапқыда Жаңа Жібек жолы идеясының келешегі зор сияқты көрінді, АҚШ өзінің азиялық елдермен экономикалық одақ құруға, Оңтүстік Шығыс Азия елдерінде өндірілген тауарларды Еуропаның бай нарығына шығарып сатуға көмектесуге даяр екенін анық аңғартты. Бұл кезеңде басқа елдерді айтпағанның өзінде, тек Қытайдың Евро Одақпен саудасы 300 миллиард АҚШ долларынан асатын еді. Сондықтан Жаңа Жібек жолы жобасына қызығушылық күшті болды. Алайда, көп ұзамай АҚШ экономикалық жобаны бетперде ретінде пайдаланып, азиялық аймақтағы өзінің геостратегиялық мүдделерін жүзеге асыруды көздейтіні байқала бастады. Әсіресе, бұл Ауғанстанға қатысты қатты сезілді. Сол кезеңде АҚШ Ауғанстандағы өздерінің әскери күштерін шығарып, алып кетуді ойластырып жатқан еді. АҚШ пен оның одақтастары Ауғанстан жерінен өз әскерлерін шығарып әкетсе, Әл-Каеда, Талибан сияқты террористік ұйымдар, түрлі сепаратистік этникалық бандалық топтар қайта күшейіп, қауіпсіздік пен тұрақтылықты шайқалту мүмкіндігі жоғары болатын.

АҚШ Жаңа Жібек жолы жобасы арқылы Оңтүстік Шығыс Азия мен Еуропаны жалғайтын көлік жолын Ауғанстан территориясымен өткізіп, Ауғанстанның проблемасын Жаңа Жібек жолы жобасына тартылған елдердің жауапкершілігіне артып қоюды көздеді. Ұзақ уақытқа созылған соғыстардан инфрақұрылымы әбден қираған, қоғамдық қатынастар ортағасырлық деңгейге құлдырап кеткен, экстремизм мен терроризмнен көз ашпай отырған Ауғанстанның проблемасын АҚШ Жаңа Жібек жолы арқылы шешуге тырысуына қандай баға беруге болады? Бұл болашағы бұлыңғыр, өлі туған идея болатын. Әрине, егер сәтті жүзеге асар болса, жақсы аты АҚШ-қа тиесілі, ал миллиардтаған материалдық-қаржылық шығыны Еуропалық және Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне түсер еді. Ауғанстан арқылы қауіп пен қорқынышқа толы 3 мың шақырымдық жол салу, оның бойындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көзге елестетудің өзі қиын. Егер АҚШ ұсынған Жаңа Жібек

жолының құйтұрқы жобасын ақылға салмай қолдап кеткенде, қаншама мемлекет ғасыр авантюрасына тартылып, шаш-етектен шығынға батыр еді. Және АҚШ ұсынған Жаңа Жібек жолы жобасы Транссібір, Солтүстік теңіз жолын шетке тастап, Ресейде айналып өтуді көздеді. Мұндай жобадан Қытай, Қазақстан, Ресей тараптары ұтылары сөзсіз. Бұл көрші жатқан үш елдің арасындағы жан-жақты қарым-қатынастардың дамуына кедергі келтірер еді. Ал АҚШ өзіне қажетті ұпайды жинап алып, әлемдік гегемон ел ретіндегі геосаясатын жалғастыра бермек.

АҚШ ұсынған Жаңа Жібек жолы жобасының жоғарыда көрсетілген кемшіліктерін Қытай, Қазақстан, Ресей бастаған мүдделі елдер тобы дер кезінде көре білді. Сөйтіп, қауіп-қатерге толы Ауғанстан арқылы өтетін АҚШ ұсынған жобадан бас тартты. Оның орнына өзара тиімді әрі қауіпсіз транзиттік балама жол қарастырыла бастады.

**АҚШ-ҚХР сауда-экономикалық соғысы.** Негізі, АҚШ пен Қытай арасындағы экспорт-импорт тауар айналымының теңсіздігі туралы жанжал бұрыннан бері бар болатын. АҚШ билігі Қытайды әділетсіз бәсекелестік, өнеркәсіптік шпионаж, зияткерлік құқықты бұзу, юань курсымен «ойнау» және т.б. жымысқы әрекеттер үшін айыптап келді. Дегенмен, АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы 2018 жылы жаңаша қарқынмен дами бастады, өйткені АҚШ-тың Қытаймен сауда тапшылығы 2017 жылдың соңында рекордтық 375,2 миллиард долларға жетті (2016 жылғыға қарағанда 28,2 миллиард долларға көп). АҚШ-тың экономикалық талдау бюросының мәліметі бойынша, Қытай 2017 жылы АҚШ-қа 505 миллиард долларға, ал АҚШ Қытайға 130 миллиардтан астам сомаға тауар жеткізген (Karustina, Lipkova, Silin, Drevalev, 2020).

Осыған байланысты АҚШ экс-президенті Дональд Трамп 2018 жылғы 22 наурызда «Қытайдың экономикалық агрессиясына қарсы күрес туралы» Меморандумға қол қойды, ол Қытайдан келетін өнімдерге шектеулер енгізуге мүмкіндік береді. Құжат 2017 жылғы тамызда басталған зияткерлік меншікті бұзу, сондай-ақ 1974 жылғы сауда актісінің 301-бабына сәйкес жүргізілген технологиялар трансферінің әділетсіз және кемсітушілік саясаты бойынша ҚХР үкіметіне қарсы ресми тергеудің қорытындылары бойынша қабылданды. Бұл АҚШ-қа импортталатын тауарлардың жолында кедергілерді біржақты тәртіппен белгілеуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде Д. Трампың

Жарлығына сәйкес, 2018 жылы 23 наурыздан бастап болатқа 25% және алюминийге 10% импорттық баж салығы қолданыла бастады.

Өз кезегінде Қытай да қалыс қалмай, 2018 жылы 1 сәуірде 128 америкалық тауарларға баж салығын енгізді. 120 түрлі тауарға, оның ішінде жеміс-жидекке 15% баж салығын, сегіз тауарға, оның ішінде шошқа етіне кедендік баж салығын 25% көтерді. ҚХР Қаржы министрлігінің хабарламасында бұл қадам АҚШ әкімшілігінің болат пен алюминий импортына тарифтерді көтеру туралы шешіміне жауап ретінде қарастырылуы керек делініп, бұл шешім 2 сәуірде күшіне енді (Pankratyeva, 2019). Ал 4 сәуірде АҚШ Қытайдың америкалық өнімдерге зияткерлік құқықтарын бұзуына жауап ретінде импорттық баж салығын енгізуге болатын 1,3 мың қытай тауарларының тізімін жариялады. Бұған жауап ретінде Қытайдың Мемлекеттік Кеңесі АҚШ-тан әкелінетін тауарлардың 106 атауына 25% баж салығын енгізу туралы шешім қабылдады, оның ішіне халық шаруашылығы үшін мультипликативтік әсері мол соя, автомобильдер, ұшақтар, химиялық өнімдер де кірді.

2018 жылы мамыр айында тараптар сауда соғысын жүргізбейміз және өзара баж салығын қолдануды тоқтатамыз деп келісті. Алайда, кейінірек сауда мәселелерінде келісімге келу мүмкін болмағаны белгілі болды, ал Вашингтон жаңа төлемдер туралы хабарлады. Маусым айының ортасында АҚШ ҚХР тауарларына 25% баж салығын енгізді, бұл Қытайға Америкаға 50 миллиард долларлық импорттың оннан бір бөлігіне әсер етті. Жаңа алымдар индустриялық маңызды технологияларды қамтитын қытай тауарларының импортына әсер ететіні нақтыланды. Қытай да бұған тиісінше жауап берді және АҚШ-тан импортталатын тауарлардың 659 атауына 50 миллиард доллар көлемінде 25 % импорттық баж салығын енгізді (Holland, Sam, 2019).

2018 жылы 23 тамызда АҚШ 16 миллиард долларлық бірқатар қытай тауарларына жаңа 25 % баж салығын енгізді. Қытайдың АҚШ тауарларына жауап баждары америкалық жаңа алымдар енгізілгеннен бір минут өткен соң күшіне енді. Қытай тарапы көлемі 16 миллиард доллар болатын америкалық тауарлардың импортына 25 % баж салығын енгізу туралы шешім қабылдады. АҚШ 24 қыркүйектен бастап Қытайдан 200 миллиард долларлық тауарларға 10 пайыздық баж салығын енгізгенін жариялады. Бұл тариф 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап 25 % дейін өсуі керек еді.

Бұған жауап ретінде Қытай 2018 жылғы 24 қыркүйектен бастап 60 миллиард долларлық америкалық өнімдер импортына 10% және 5% көлемінде сауда алымдарын көтерді. Баждар америкалық тауарлардың 5200-ден астам атауларына қолданылады. 2018 жылы желтоқсан айында Аргентинадағы G20 саммиті аясында екі елдің басшылары сауда соғысындағы «бітімге» келісті. АҚШ 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қытай тауарларына жылына 200 миллиард доллар импорт бажын 10-нан 25%-ға дейін көтермеуге келісті. Қытай билігі АҚШ-тан автомобильдер мен қосалқы бөлшектерді импорттауға жоғары баж салығын үш айға тоқтатты.

2019 жылғы 7-9 қаңтарда екі елдің сауда-экономикалық қайшылықтары бойынша ҚХР және АҚШ екіжақты келіссөздері өтті. Келіссөздер нәтижесінде ҚХР сауда министрлігі Қытай мен АҚШ бір-бірін толғандыратын сауда мәселелерін шешуге негіз қалағанын айтты. Ал 30-31 қаңтардағы кездесудің қорытындысы бойынша Бейжің АҚШ-пен өзара саудадағы теңгерімсіздікті қысқартуға келіскені, сондай-ақ, Қытайда америкалық ауыл шаруашылық өнімдері мен энергия ресурстарының импортын белсенді түрде ұлғайта бастауға дайын екені белгілі болды. 2019 жылғы 30 сәуірде Бейжіңде консультациялардың кезекті раунды өтті. Әлем елдері АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда соғысын аяқтайтын келісімге қол жеткізе алады деп күткен. Алайда, 5 мамырда Д. Трамп 10 мамырдан бастап бірқатар Қытай тауарларына баж салығын 10%-дан 25%-ға дейін арттыратынын мәлімдеді, сонымен бірге ол басқа тауарларға баж салығын енгізуді жоққа шығармады. Өз кезегінде Бейжің Вашингтонның әрекеттеріне жауап беруге уәде берді. Алайда, 9-10 мамырда АҚШ-Қытай сауда келіссөздерінің кезекті раунды нәтижесіз аяқталды. Қытайда да, АҚШ-та да келіссөздерді сындарлы деп атады. Бейжің Қытай өзі үшін ең маңызды іргелі мәселелер бойынша жеңілдіктер жасай алмайды деп мәлімдеді (Colback, 2019).

АҚШ Қытай импортына баж салығын шамамен 200 миллиард долларға 10-нан 25%-ға дейін көтерді. АҚШ президенті Дональд Трамп сонымен бірге Қытайдан қалған импортқа баж салығын көтеру процесін бастауға бұйрық берді, ол шамамен 300 миллиард долларға бағаланады. Бұған жауап ретінде Қытай 1 маусымнан бастап АҚШ-тан 60 миллиард доллар көлемінде тауарларды әкелуге жоғары баж салығын енгізді. Атап айтқанда, тауарлардың 2493 атауының тізіміне 25% мөлшерінде баж енгізілді, 1078 атауға – 20%,



974 санатқа – 10 %, тағы 595 атауға баж 5% мөлшерінде өзгеріссіз қалды.

Ал 2020 жылы АҚШ экс-президенті Д. Трамп коронавирус пандемиясы Ухань қаласындағы ғылыми-зерттеу орталығының лабораториясында жасалды, коронавирустың адамнан адамға тарайтынын біле тұра Қытай әлемге қасақана таратты деп айыптағаны белгілі. Сонымен қатар Д. Трамп қытайлық Huawei Technologies Co. Ltd, ByteDance компаниясының TikTok видео ресурсына, WeChat мобильді коммуникациялық жүйесіне АҚШ нарығында жұмыс істеуге тыйым салып, қатаң талаптар қойды. Бұл ақпарат саласындағы ірі компаниялар Қытай үшін барлаушы және тыңшы қызметтерін атқарады деп айыптады. Сол үшін Қытай компаниясы АҚШ нарығында жұмыс істеуі үшін толығымен америкалық компаниялардың бақылауында болуы тиіс деген талаптар қойды. Д. Трамп тіптен алдағы бесжылдықта АҚШ экономикасының Қытайдан тәуелділігін толық жоюға уәде берді.

The Wall Street Journal басылымы АҚШ-тағы 2020 жылғы 3 қарашадағы президенттік сайлауда кімнің жеңіске жететініне қарамастан, Вашингтонның Қытайға қатысты саясаты түбегейлі өзгеріске ұшырамайды және өте қатал болып қала береді деп жазды (Mauldin, Ageddy, 2020). Газет атап өткендей, Трамп пен Байденнің Бейжіңмен диалогтағы стратегиясы айтарлықтай өзгеше болғанымен, президенттікке үміткер екі кандидат та Қытайды тоқтату керек деген ортақ пікірмен келіседі. Бірақ Джозеф Байденнің айтуынша, Д. Трампың Қытайға салған экономикалық тежеуші санкциялары АҚШ ауыл шаруашылығына, фермерлер мен өнеркәсіп орындарына зиян шектірген. Сондықтан ол Қытайға қарсы сауда-экономикалық соғысты қайта қарауды ұсынады. Д. Байден стратегиялық маңызды технологиялық салаларда сәтті бәсекелестік жөніндегі үкіметтік науқанды кеңейтуді жоспарлап отыр. Атап айтқанда, бұл жаңа ақпараттық-коммуникациялық және интернет технологиялар, кванттық есептеу және 5G байланыс желісі саласындағы бәсекелестік. Мұндай саясаттың мақсаты – Қытайдың экономикалық күші мен әсерін шектеу, сондай-ақ екі державаның өзара тәуелділік дәрежесін азайту. Демократиялық партияның кандидаты Д. Байденнің сайлау штабының көп мамандары бұрынғы президент Барак Обаманың Әкімшілігінде жұмыс істеген, олардың пікірінше, Б. Обама Қытайға тым жұмсақ қараған, «Си Цзиньпиннің ұлтшыл және

авторитарлық билігіне» тиісті тосқауыл қоя алмаған. Себебі Б. Обама Қытайда бостандық деңгейі, еркін сауда дамиды, демократиялық саяси бәсекелестікке жол беріледі деп күткен. Бірақ іс жүзінде керісінше болып, Си Цзиньпин билігін күшейтіп, Тибет пен Шыңжаңдағы аз ұлттарға да, Гонконгқа да көп қысым жасаған. Енді Д. Байден мен оның командасы Б. Обама мен Д. Трамп жіберген кемшілікті жөндеуді мақсат етуде. Сонымен қатар, Тынық мұхитындағы АҚШ әскери-теңіз күштерін одан сайын арттырып, Қытайдың Оңтүстік-шығыс Азия мен Тынық мұхит аймағындағы әскери мүмкіндіктерін шектеуді де көздеп отыр. Сонымен қатар, Д. Байден Еуропалық одақпен достық қарым-қатынастарды дамытуды ұсынды. Сөйтіп Ресей мен Қытайға қарсы Еуропамен бірлесіп күресуді жоспарлап отыр.

**«Көк нүктелер желісі» «Белдеу мен жол» бастамасын тежей ала ма?** Бүгінгі таңда Үнді-Тынық мұхиты аймағының кеңістігінде сауда және экономикалық бәсекелестіктің жаңа аренасы қалыптасуда, оның дамуы уақыт өте келе жаһандық экономиканың даму жолдарын айқындайды. Шығыс Азияның энергия тұтынушыларын Таяу Шығыстағы жеткізушілерімен байланыстыратын ең үлкен сауда жолдары Үнді мұхиты арқылы өтеді. Қытай, Үндістан, Оңтүстік Корея және Жапония өздерінің энергетикалық және басқа да шикізат ресурстарының едәуір бөлігін Үнді мұхиты арқылы алады. АҚШ, Австралия және Жапония Таиландтағы АСЕАН елдерінің саммитінде Үнді-Тынық мұхиты өңірінде «Көк нүктелер желісі» (Blue Dot Network) инфрақұрылымдық жобасының іске қосылатыны туралы хабарлады. Жоба шеңберінде кейінгі инвестициялар үшін олардың функционалдық және тартымдылық дәрежесін айқындау мақсатында автомобиль жолдары, теңіз порттары, көпірлер және т.б. сияқты инфрақұрылымдық объектілерді сертификаттау тетігі әзірленетін болады. Жаңа жобаны қамту аймағы бүкіл Үнді-Тынық мұхиты аймағы, әсіресе тиімді стратегиялық жағдайы бар және Қытай өзінің «Белдеу мен жол» жобасын (Филиппин, Камбоджа, Таиланд, Мьянма, Малайзия және т.б.) іске асыру үшін қызығушылық танытатын мемлекеттер болып табылады.

«Көк нүктелер желісі» – бұл АҚШ пен оның одақтастарының Бейжің құрған жағдайға қарама-қарсы аймақта параллель қаржылық және инвестициялық шынайылықты құру әрекеті. Бұл ретте үш елдің әрқайсысының жобаға қатысуының өз себептері бар:

- АҚШ әлемдегі геосаяси монополияның сақталуына алаңдайды.

- Жапония жоба аясында АҚШ пен Австралияны аймақтағы сыртқы саяси қатынастарды әртараптандыру және Пекинге экономикалық балама құру жолын көреді. Елдер бір жағынан Қытай мен АҚШ, Жапония және Австралия арасында одақтастық қатынастармен байланысты – екінші жағынан таңдай алады.

- Австралия Дүниежүзілік мұхиттың айналасындағы суларды бақылауды жоғалту қорқынышынан ұқсас көзқарасты ұстанады. АСЕАН елдері Австралия мен Жапония арасында орналасқан. Канберра мен Токиодағы Бейжіңнің ықпалына бірлескен қарсылық АСЕАН-ны Қытайдың экономикалық және саяси күн тәртібіне тарту қарқынын төмендетуге бағытталған (Куо, 2020).

Осыған орай, Аспан асты елі Австралияның Ұлттық қауіпсіздігі үшін маңызды Тынық мұхиты аралдарымен – Фиджи, Вануату, Соломон аралдарымен және Индонезиямен экономикалық қатынастардың динамикасын сәтті арттыруда. Соңғысын Канберра Австралияға шартты түрде секіруге арналған жер трамплині ретінде қарастырады. Сонымен, қытайлық «Белдеу мен жол» стратегиясына қарсы тұру мақсатында АҚШ пен оның одақтастары әзірлеген соңғы амалдардың бірі – «Көк нүктелер желісі» жаһандық инфрақұрылымдық жобасы болып отыр (Абрамов, 2019). Нақты айтар болсақ, Blue Dot Network жобасының ресми тұсаукесері Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері қауымдастығының 35-ші саммиті (Таиланд, 2019 жылғы 2-4 қараша) шеңберінде өткен Үнді-Тынық мұхиты бизнес-форумы барысында болды. Blue Dot Network желісі – жаһандық инфрақұрылымды дамыту үшін жоғары сапалы және сенімді стандарттарды ілгерілету мақсатында үкіметтердің, жеке сектор мен азаматтық қоғамның күш-жігерін біріктіруге бағытталған көпжақты бастама. Шын мәнінде, америкалық сарапшылар қытайлық логистикалық бастамаларды оқшаулау, әлемдік экономикада үстемдікке қол жеткізу үшін «дұрыс» және «дұрыс емес» инфрақұрылым мен логистикаға бөлу туралы әмбебап шешім ұсынды. Ақ үйдің Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Роберт О'Брайен (экс-президент Дональд Трамп әкімшілігіндегі ең ықпалды адамдардың бірі болды) жобаны жоғары деңгейлі мейрамханаларға арналған Мишеллин нұсқаулығымен салыстырды және «Көк нүктелер желісі» Қытайдың «Белдеу мен жол» ауқымында туындайтын «қарыз

тұзақтарының дипломатиясына» жауап екенін айтты (Devonshire-Ellis, 2019). «Көк нүктелер желісі» қатысушылары – мемлекеттік, жеке және азаматтық секторлардың өкілдері сапалы инфрақұрылымдық жобаларды құруға және қаржыландыруға сенеді. «Көк нүктелер желісі» сертификатталған желілік жобалары G7 және G20 елдерінің инвестициялық саясат, сапалы инфрақұрылым мен орнықты дамуды инновациялық қаржыландыру міндеттемесінде көрсетілген принциптерді ұстанады. «Көк нүктелер желісі» ашық және инклюзивті, экономикалық өміршең, қаржылық, экологиялық және әлеуметтік тұрақты және халықаралық стандарттарға, заңдар мен ережелерге сәйкес келетін инфрақұрылымға сапалы инвестицияларды салу мен осындай жобаларды ілгерілетуге бағытталған.

Жоба, сайып келгенде, Үнді-Тынық мұхиты аймағына баса назар аудара отырып және АҚШ Мемлекеттік департаменті «мақұлдап мөр басқан» жолдарды, порттар мен көпірлерді бағалау мен сертификаттаудың халықаралық танылған жүйесіне айналады деп күтілуде. Үнді-Тынық мұхиты аймағы жалпы ішкі өнімнің әлемдік өсімінің үштен екісін қамтамасыз етеді және әлемдік ЖІӨ-нің 60%-ын құрайды. Бұл аймақта әлемдегі ең ірі экономикалар – АҚШ, Қытай және Жапония және әлемдегі ең жылдам дамып келе жатқан 6 экономика – Үндістан, Камбоджа, Лаос, Бирма, Непал және Филиппин бар. Әлемдегі ең көп жұмыс істейтін 10 теңіз портының 9-ы осы аймаққа келеді (Mahmood, 2019).

Ал әскери-саяси тұрғыда америкалық «Үнді-Тынық мұхитының» географиясы жай ғана анықталады – бұл АҚШ Әскери-теңіз күштерінің 7-ші және 3-ші флотының жауапкершілік аймағы. Жоғарыда айтылғандай, бүкіл Үнді-Тынық мұхиты аймағы жобаның қамту аймағы болып табылады, бұл ретте тиімді стратегиялық жағдайы бар елдерге және ең бастысы Қытайға (Филиппин, Камбоджа, Таиланд, Мьянма, Малайзия және т.б.) қызығушылық танытатын елдерге ерекше назар аударылатын болады.

Жобаны ілгерілетумен және дамытумен мынадай құрылымдар белсенді айналысады: америкалық халықаралық даму Қаржы Корпорациясы – DFC (2019 жылға дейін америкалық шетелдік жеке инвестициялар Корпорациясы – OPIC деген атпен белгілі); Австралияның Сыртқы істер және сауда министрлігі (DFAT); Жапондық халықаралық ынтымақтастық банкі (JBIC).

Сыртқы істер және сауда министрлігі (DFAT) Австралия Үкіметінің маңызды бөлігі болып табылады, ол Австралия Үкіметіне сыртқы саясат, сауда және даму мәселелері бойынша кеңестер берумен айналысады. DFAT 4 миллиард долларлық Көмек бағдарламасын, сондай-ақ жаңа австралиялық Тынық мұхиты инфрақұрылымын қаржыландыру қорын (AIFFP) басқарады.

«Көк нүктелер желісі» жобасында басты рөлді америкалық құрылым – DFC ойнайтыны анық. Осыған байланысты жағдайды түсіну үшін осы корпорацияның не екенін толығырақ түсіну өте маңызды. Ресми дереккөздерде орналастырылған ақпараттан U.S. International Development Finance Corporation (DFC) – бұл ОПИС және USAID кредиттеу бойынша мүмкіндіктерін біріктіретін, сондай-ақ дамушы елдерге жеке капиталды жақсырақ тарту үшін жаңа және инновациялық қаржы өнімдерін енгізетін қазіргі заманғы орталықтандырылған агенттік.

Америкалық шетелдік жеке инвестициялар корпорациясы (ОПИС) – АҚШ-тың сыртқы саясаты мен ұлттық қауіпсіздігінің басымдықтарын, сондай-ақ америкалық компаниялардың дамушы нарықтарға инвестицияларын ілгерілету жөніндегі америкалық үкіметтік агенттік. 1971 жылы құрылған, 2019 жылы DFC болып қайта құрылды.

«Америкалық халықаралық даму қаржы корпорациясы» Американы инфрақұрылымдық жобаларды дамыту мүддесінде одақтастармен өзара іс-қимыл жасау қабілеті жоғары, әлемдік аренада неғұрлым күшті және бәсекеге қабілетті ойыншы (көшбасшы) етуге, сондай-ақ дамушы елдердің жағдайын нашарлатуы мүмкін басқа елдер (Қытай) бастамашылық жасаған жобаларға қаржылық негізделген баламалар беретін сенімді құралға айналуға тиіс.

DFC инвестициялары тиімді жаһандық дамуға, АҚШ-тың сыртқы саясатын ілгерілетуге және америкалық салық төлеушілер үшін пайда табуға бағытталған.

Жаңа корпорацияның әлеуеті мен күші туралы толық түсінік оның басшылығымен танысқаннан кейін келеді. Бас атқарушы директоры – Адам Болер. Бұл лауазымға оны тікелей АҚШ президенті тағайындады және 2019 жылдың 26 қыркүйегінде Сенат бірауыздан мақұлдады. Бұған дейін ол АҚШ Денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету департаментінің (HHS) инновациялық орталығының директоры болған. Сарапшылардың пікірінше, Адам Болердің бас-

ты міндеті – барлық әкімшілік жұмыстарды өзіне тартып, өкілдік функцияларды орындау.

DFC Директорлар кеңесіне келесі тұлғалардың қатысуы оның маңызы қаншалықты күшті екенін көрсетеді:

1) Директор – Майк Помпео – 2018 жылғы 26 сәуірден бастап АҚШ мемлекеттік хатшысы. Ол Мемлекеттік хатшы лауазымына тағайындалғанға дейін Орталық барлау басқармасының директоры лауазымын атқарды (2017 жылғы қаңтардан 2018 жылғы сәуірге дейін).

2) Марк Грин – 2017 жылдың тамыз айынан бастап АҚШ-тың халықаралық даму агенттігінің басшысы. USAID-ке келгенге дейін халықаралық республикалық институттың (IRI) басшысы қызметін атқарды.

3) Уилбур Росс – 2017 жылдың 28 ақпанынан бастап АҚШ-тың сауда министрі. Bloomberg Markets мәліметтері бойынша қаржы әлеміндегі ең ықпалды 50 адамның бірі.

4) Б. Макинтош – АҚШ Қаржы министрінің Халықаралық істер жөніндегі орынбасары (Беляков, 2020).

Америкалық сыртқы саясаттың жаңа құралы – DFC қабылдаған шешімдер АҚШ-тың өзінде де, спутниктік елдерде де орындалуы міндетті екенін түсіну керек. Әлбетте, мыналар: «Көк нүктелер желісіне» қосылуға «дайын емес» елдер санкциялар арқылы да, «көлеңкелі ОББ (ЦРУ)» – USAID-тің жұмсақ күші арқылы да америкалық демократияның толық күшін сезінеді.

Нәтижесінде, америкалық сарапшылардың пікірінше, «Көк нүктелер желісі» Қытайдың өсіп келе жатқан саяси-экономикалық әсерін тежеу және Үнді-Тынық мұхиты елдеріне қытайлық «жұмсақ күштің» ықпалын азайту үшін тиімді құрал болуға арналған.

«Көк нүктелер желісі» – бұл АҚШ пен оның одақтастарының Бейжің құрған жағдайға қарама-қарсы аймақта балама қаржылық және инвестициялық шынайылықты құруға деген әрекеті екені даусыз. АҚШ-тың Пекинді тежеу жөніндегі стратегиясын іске асырудағы келесі қадам Үндістанның осы жобаға қосылуы болады.

## Қорытынды

ҚХР тарапынан аймаққа экономикалық ықпал етудің негізгі тәсілі «Белдеу мен жол» бастамасы болып қалуда, оның шеңберінде дамушы елдердің инфрақұрылымдық жобаларын ірі қаржыландыру жүзеге асырылады. Қытайдың «Белдеу мен жолды» дамытуға бағытталған бастамасы дамыған мемлекеттердің қанатының

астынан бір кездері оларға бағынған және багтыс елдерінің бақылауында болған аумақтарды да қамтуда. Бұл тұрғыда Қытайдың ықпалын азайтудың жалғыз мүмкін жауабы – онымен көршілес аймақтарды жүйелі қаржыландыруға бағытталған «Көк нүктелер желісі» сияқты балама жобаны құру болды деп болжауға болады. Бұл жерде АТА аймағының үш ірі державасының – Австралияның, Жапонияның және АҚШ-тың мүдделері тоғысады.

«Көк нүктелер желісіне» біріккен елдердің ешқайсысы ҚХР-дың «Белдеу мен жолға» салған инвестицияларына жалғыз қарсы тұра алмайды, бірақ бірлескен күш-жігермен олар Аспан асты елі сияқты экономикалық алпауытпен бәсекелесе алады. Осы жерде ескеретін жәйт бар, ол «жоба» тұжырымдамасы «бастамадан» күрт ерекшеленеді. Егер «жоба» нақты орындау шеңбері мен нақты соманы білдірсе, «бастаманың» ондай ерекшелігі жоқ және іске асыру барысында қызмет бағытын еркін өзгерте алады. Бұл екі бағыттың арасындағы үлкен ерекшелік.

Қытайдың АТА өңірінде ықпалының артуы бұл аймақта бұрыннан бері геосаяси және геэкономикалық мүдделері бар басқа да ірі әлемдік державалар (АҚШ, Ресей, Жапония, Австралия, ЕО елдері) тарапынан алаңдаушылық пен қарсылық тудыратынын атап өту маңызды. Осыған байланысты АТА елдері

мен ҚХР-дың өзара іс-қимылы экономикалық қана емес, саяси өлшемге де ие болуда, өйткені Қытай өзінің әлемдік әріптестерімен тікелей қарама-қайшылыққа түспеу үшін ымыралы шешімдер мен тәсілдерді іздеуге мәжбүр.

«Көк нүктелер желісі» жобасына біріккен үш елдің коалициясы өзінің мақсаттарын нақты түсінеді – АТА аймағына бақылау жасау мен ықпал етуді қайтару болса, ал ҚХР жедел қажеттіліктерге сүйене отырып, нақты әрекет етеді. «Белдеу мен жол» бастапқы тұжырымдамасы Еуразиялық сауда интеграциясын дамыту болды, сонымен қатар, қазіргі уақытта инфрақұрылымды ынталандыруға арналған кредиттердің көпшілігі азиялық және африкалық мемлекеттерге беріледі. «Белдеу мен жол» үлкен дәрежеде үшінші әлем мемлекеттерінің үкіметтерімен өзара іс-қимыл жасау үшін құрылған, оларды аймаққа бақылаусыз капитал құю арқылы өз жағына оңай тартуға болады. Осы тұрғыдан алғанда, АҚШ, Австралия және Жапонияның дамушы елдердің жоғары билік өкілдерімен ынтымақтастығы көптеген кедергілерге ұшырайды (адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау туралы талаптар, жемқорлықты жою, заңдылықты сақтау сияқты көптеген демократиялық нормалар мен талаптар дамушы елдер үшін орындалуы қиын мәселелер).

### Әдебиеттер

- Абрамов И. (2019). Глобальный инфраструктурный проект США бросает вызов Китаю и его инициативе ОПОП // <http://mixednews.ru/archives/1562591>
- Alexandra Pankratyeva. (2019). US-China trade war: the effects of President Trump's policy on international trade // <https://capital.com/us-china-trade-war>
- Aisha Mahmood. (2019). US brings in 'Blue Dot Network' to counter China's Belt and Road initiative // <https://www.brecorder.com/news/541978>
- By Ben Holland and Cedric Sam. (2019) A \$600 Billion Bill: Counting the Global Cost of the U.S.-China Trade War // <https://www.bloomberg.com/graphics/2019-us-china-trade-war-economic-fallout/>
- Беляков Д. (2020). Американская ловушка для «Пояса и пути» // [www.sonar2050.org/publications/amerikanskaya-lovushka-dlya-poyasa-i-puti/](http://www.sonar2050.org/publications/amerikanskaya-lovushka-dlya-poyasa-i-puti/)
- Chris Devonshire-Ellis. (2019). What Is The "Blue Dot" Infrastructure Network? // <https://www.silkroadbriefing.com/news/2019/11/19/blue-dot-infrastructure-network/>
- Esper T.M. (2020). As Prepared Remarks by Secretary of Defense Mark T. Esper at the Munich Security Conference // <https://www.defense.gov/Newsroom/Speeches/Speech/Article/2085577/remarks-by-secretary-of-defense-mark-t-esper-at-the-munich-security-conference/>
- Лами П. (2020). Бывший глава ВТО Паскаль Лами критикует трампизм // <https://ru.euronews.com/2020/11/04/pascal-lamy-trumpism>
- Larisa Kapustina, Ludmila Lipková, Yakov Silin, Andrei Drevaliev. (2020). US-China Trade War: Causes and Outcomes // [https://www.researchgate.net/publication/338550900\\_US-China\\_Trade\\_War\\_Causes\\_and\\_Outcomes](https://www.researchgate.net/publication/338550900_US-China_Trade_War_Causes_and_Outcomes)
- Layne Christopher. (2020). The Return of Great-Power War // <https://www.foreignaffairs.com/articles/united-states/2020-10-13/coming-storms>
- Lucy Colback. (2019). How to navigate the US-China trade war // <https://www.ft.com/content/6124beb8-5724-11ea-abe5-8e03987b7b20>

Marlene Laruelle. (2020). The US Silk Road: Geopolitical imaginary or the repackaging of strategic interests? // Eurasian Geography and Economics. //www.researchgate.net/publication/283661572\_The\_US\_Silk\_Road\_Geopolitical\_imaginary\_or\_the\_repackaging\_of\_strategic\_interests

Mercy A. Kuo. (2020). Blue Dot Network: The Belt and Road Alternative. Insights from Matthew P. Goodman. // https://thediplomat.com/2020/04/blue-dot-network-the-belt-and-road-alternative/

Мұсатаев С.Ш. (2018). «Бір белдеу, бір жол» жобасы мен ЕАЭО сабақтастығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. –152 б.

Мұсатаев С.Ш. (2018). «Бір белдеу, бір жол» жобасы аясындағы Қытай мен Еуразиялық экономикалық одақтың өзара әрекеттесу мәселелері // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. – 2017. -№4(62). – Б. 230-238.

Pompeo M. (2020). China is a ‘predator’, Pompeo tells Sri Lanka on tour of Asian nations // https://www.independent.co.uk/news/world/asia/mike-pompeo-china-predator-sri-lanka-trump-b1418930.html

William Mauldin, James T. Areddy. Biden, as President, Will Shift U.S. Toolkit on China // https://www.wsj.com/articles/biden-as-president-will-shift-u-s-toolkit-on-china-11604917800

### References

Abramov I. (2019). Globalni infrastrukturni proekt SSHA brosaet vizov Kitau I ego iniciative OPOP [US global infrastructure project challenges China and its Obor initiative] // http://mixednews.ru/archives/1562591

Alexandra Pankratyeva. (2019). US-China trade war: the effects of President Trump’s policy on international trade // https://capital.com/us-china-trade-war

Aisha Mahmood. (2019). US brings in ‘Blue Dot Network’ to counter China’s Belt and Road initiative // https://www.brecorder.com/news/541978

By Ben Holland and Cedric Sam. (2019) A \$600 Billion Bill: Counting the Global Cost of the U.S.-China Trade War // https://www.bloomberg.com/graphics/2019-us-china-trade-war-economic-fallout/

Beljakov D. (2020). Amerikanskaja lovushka dlja «Pojasa I puti» [The American trap for the «Belt and road»] // www.sonar2050.org/publications/amerikanskaya-lovushka-dlya-poyasa-i-puti/

Chris Devonshire-Ellis. (2019). What Is The “Blue Dot” Infrastructure Network? // https://www.silkroadbriefing.com/news/2019/11/19/blue-dot-infrastructure-network/

Esper T.M. (2020). As Prepared Remarks by Secretary of Defense Mark T. Esper at the Munich Security Conference // https://www.defense.gov/Newsroom/Speeches/Speech/Article/2085577/remarks-by-secretary-of-defense-mark-t-esper-at-the-munich-security-conference/

Lami P. (2020). Bivshy glava VTO Paskal Lami kritikuet trampizm [The former head of the WTO Pascal Lamy criticizes trumpism] // https://ru.euronews.com/2020/11/04/pascal-lamy-trumpism

Larisa Kapustina, Ludmila Lipková, Yakov Silin, Andrei Drevalov. (2020). US-China Trade War: Causes and Outcomes // https://www.researchgate.net/publication/338550900\_US-China\_Trade\_War\_Causes\_and\_Outcomes

Layne Christopher. (2020). The Return of Great-Power War // https://www.foreignaffairs.com/articles/united-states/2020-10-13/coming-storms

Lucy Colback. (2019). How to navigate the US-China trade war // https://www.ft.com/content/6124beb8-5724-11ea-abe5-8e03987b7b20

Marlene Laruelle. (2020). The US Silk Road: Geopolitical imaginary or the repackaging of strategic interests? // Eurasian Geography and Economics. //www.researchgate.net/publication/283661572\_The\_US\_Silk\_Road\_Geopolitical\_imaginary\_or\_the\_repackaging\_of\_strategic\_interests

Mercy A. Kuo. (2020). Blue Dot Network: The Belt and Road Alternative. Insights from Matthew P. Goodman. // https://thediplomat.com/2020/04/blue-dot-network-the-belt-and-road-alternative/

Musataev S. (2018). «Bir beldeu, bir zhol» zhobasi men EAEO sabaktastigi. [Continuity of the Project “One Belt, One Road” and the EAEO]. –Almaty: Qazaq universiteti, 2018. –152 b.

Musataev S. (2017). «Bir beldeu, bir zhol» zhobasi aiasindagi Qitai men Eurazialiқ ekonomikalіq odaqting ozara arekettesu maseleleri [Issues of interaction between China and the Eurasian Economic Union within the framework of the “One Belt, One Road” project] // QazUU Habarshisi. Filosofia seriasi. Философия сериясы. Madeniетtanu seriasi. Sajasattanu seriasi. -2017. -№4(62). –Б. 230-238.

Pompeo M. (2020). China is a ‘predator’, Pompeo tells Sri Lanka on tour of Asian nations // https://www.independent.co.uk/news/world/asia/mike-pompeo-china-predator-sri-lanka-trump-b1418930.html

Wang Wenbin. (2020). China is a ‘predator’ // https://www.independent.co.uk/news/world/asia/mike-pompeo-china-predator-sri-lanka-trump-b1418930.html

William Mauldin, James T. Areddy. (2020). Biden, as President, Will Shift U.S. Toolkit on China // https://www.wsj.com/articles/biden-as-president-will-shift-u-s-toolkit-on-china-11604917800